



ЖҮГІРУ ЖОЛЫ

## T-140 ENERGY

ЖАТТЫҒУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ҚҰРАСТАЫРУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

+ ҚУАТ БЕРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР

[TORNEOSPORT.COM](http://TORNEOSPORT.COM)

WARRANTY ON FRAME


Қаңқаға кепілдік

YEARS  
5  
жыл

WARRANTY

Кепілдік

YEARS  
2  
жыл



SMART START

INSTA FOLD

EVER PROOF

ENERGY EFFICIENT

## **Мазмұны**

1.	Кіріспе .....	3
2.	Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері .....	5
3.	Жаттығу құрылғысын құрастыру .....	8
4.	Жаттығу құрылғысын пайдалану .....	12
5.	Жаттығу .....	16
6.	Дұрыс тамақтану .....	21
7.	Жаттығу құрылғысының егжей-төгжейлі сұлбасы .....	24
8.	Жиынтықтауыштар тізімі .....	25
9.	Ақаулықтарды жою .....	27
10.	Техникалық сипаттамалары .....	29

## **1. Кіріспе**

Біздің жаттығу құрылғымызды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз!

Заманауи технологиялар қолданылған T-140 ENERGY жүгіру жолы ойластырылған дизайнға ие. Бұл жаттығу құрылғысымен жайлы үй жағдайында жаттығу физикалық күй мен жүрек-қантамыр жүйесін жақсартуға көмектеседі.

TORNEO-мен спортпен айналысу сізге үнайтынына сенімдіміз!

### **Жаттығу құрылғысының негізгі артықшылықтары:**

#### **Буындарды қорғау**

Жүгіру жолағының периметрі бойынша буындарға түсетін соққы жүктемесін айтарлықтай азайтатын 6 жалпақ бәсендектіш орнатылған. Жүгіру жолында жүгіру жайлы әрі қауіпсіз.

#### **Жаттығу бағдарламаларының әртүрлілігі**

Жаттығу құрылғысындағы 12 жаттығу бағдарламасы жаттығу процесін түрлendіруге көмектеседі. Мақсатты қашықтықты, жылдамдықты немесе жағылатын калория санын орнату арқылы мақсатты параметрлер бойынша жаттығуға болады.

#### **BMI (Body Mass Index) бағдарламасы**

Пайдаланушының физикалық жағдайын бағалау және жаттығу барысын бақылау үшін жаттығу құрылғысы әрбір жаттығудан кейін тексеру жасауға мүмкіндік береді. Пайдаланушы жынысын, жасын, бойын және салмағын орнату арқылы нәтижелерді бақылап, жаттығуға деген ынтаны арттыруға болады.

#### **Жылдам старт және қуатты үнемдеу**

Жүгіру жолы жаттығуды кідіртіп, оны соңғы теңшелімдермен жалғастыруға мүмкіндік береді. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін ол қуатты үнемдеу үшін күту режиміне өтеді.

#### **Жүрек соғу жиілігін бақылау**

Тұтқалардағы ЖСЖ датчиктері жүрек соғу жиілігін бақылауға көмектеседі.

#### **Сақтау ыңғайлылығы**

Жүгіру жолының жолағы тігінен жиналады. Осы себепті жаттығу құрылғысы сақтау кезінде көп орын алмайды. Оны тіректер шеттерінде орналасқан тасымалдау роликтері арқылы жылжыту ыңғайлы.



#### **Назар аударыңыз:**

Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастамас бұрын, осы нұсқаулықты оқып шығып, оны кейін қолдану үшін сақтап қойыңыз. Осы нұсқаулықты мұқият оқып шығу жаттығу құрылғысын тез теншеп, оны дұрыс ері қауіпсіз пайдалануға көмектеседі. Нұсқаулықты кейін анықтама ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.



#### **Назар аударыңыз:**

Жаттығуды бастамас бұрын толық медициналық тексеруден өту қатаң түрде кеңес беріледі, әсіресе, егер жасыңыз 35-тен асқан болса, темекі шегетін болсаңыз, сізде холестерин деңгейі жоғары болса, артық салмағыңыз болса немесе былтырдан бері тұрақты түрде спортпен айналыспаған болсаңыз. Егер сізде диагноз немесе төменде сипатталған белгілер болса, жаттығу құрылғысын мүлдем пайдаланбаған жөн:

Мерзімді дағдарыстармен жоғары қан қысымы; жүрек-қантамыр жеткіліксіздігі; демікпе; мерзімді ісіну; жүректің жиі қағуы және жүрек қыспасы; тромбофлебит; қатерлі ісік; барлық кезеңдегі қант диабеті; жоғары температура; созылмалы аурулардың өршүі; жатыр тонусы, түсік түсіру қаупі бар жүктілік; жұқпалау аурулар кезінде өзін нашар сезінү. Кейбір жағдайларда жаттығу құрылғысын сақтақпен пайдалануға болады. Критикалық емес қарсы көрсетілімдер:

- қалыпты жүктілік пен лактация;
- кесар тілігінен кейінгі қалпына келтіру кезеңі;
- жарақаттар мен сыйықтардан кейінгі қалпына келтіру кезеңі;
- тамырлардың түйнеліт кеңеюі;
- грыжка, артроз, артрит және остеохондроз.

Бұл аурулар мен жаттығуға қарсы көрсетілімдер тізімі толық емес және тек анықтама үшін берілген. Егер қандай да бір ауруыңыз болса, жаттығу құрылғысын пайдалануға болатыны туралы шешімді тек дәрігер қабылдай алады.

Егер жаттығу барысында әлсіздік, бас айналу, ентігу немесе ауру белгілерін сезінсөз, жаттығуды деруе тоқтатыңыз.

Кез келген жаттығу бағдарламасын бастамас бұрын дәрігермен кеңесініз. Бұл әсіресе 35 жастан асқан немесе денсаулығы нашар адамдар үшін ете маңызды. Ауыр жарақат алу қауіпн азайту үшін осы нұсқаулықтағы сақтық шаралары мен барлық нұсқауларды, соңдай-ақ жаттығу құрылғысының жапсырмаларындағы ақпаратты мұқият оқыңыз.



#### **Назар аударыңыз:**

Өндіруші тұтынушыға алдын ала хабарлама жібермей, бұйымның жиынтықтамасына, дизайнына, функциялық мүмкіндіктеріне, соның ішінде аппараттық және бағдарламалық жасақтамасына өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Жаттығу құрылғысының сапасы мен толықтығы туралы сұрақтар бойынша мамандандырылған сатушыға хабарласыңыз.

## 2. Жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері

### Назар аударыңыз:

Сіз сатып алған жаттығу құрылғысы күрделі техникалық бүйім болып табылады. Жаттығуды бастамас бұрын төмөндегі нұсқауларды мүқият оқып шығыңыз. Осы ережелерді сақтау жаттығу құрылғысын қызмет мерзімінде қауіпсіз және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.



Жаттығу құрылғысының иесі оны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы барлық пайдаланушыларды хабардар етуге міндетті.

### 2.1 Жаттығу құрылғысын тасымалдау

1. Жаттығу құрылғысын тек зауыттық немесе ұқсас сападағы қаптамада тасымалдау керек.
2. Жаттығу құрылғысын болашақта тасымалдау үшін зауыттық қаптаманы сақтап қоюға кеңес береміз.
3. Жаттығу құрылғысын алған кезде оның зауыттық қаптамасы тасымалдау барысында зақымдалмағанын тексерініз.
4. Жаттығу құрылғысын тек бөлшектелген күйде тасымалдауға рұқсат етіледі.
5. Жаттығу құрылғысының сезімтал электрондық компоненттері бар, сондықтан оны сілкімей және соқпай тасымалдау керек.
6. Жаттығу құрылғысы тасымалдау кезінде жаңбырдан, ылғалдан және басқа да атмосфералық әсерлерден қорғалуы тиіс.

### 2.2 Жаттығу құрылғыларын пайдаланудың жалпы ережелері

1. Жаттығу құрылғысын тек осы нұсқаулықтаға мақсатқа сай пайдаланыңыз.
2. Жаттығу құрылғысын теріс және қатты жерге қойыңыз. Егер жаттығу құрылғысы теріс емес едеген немесе ұзын түкті кілемге орнатылса, жаттығу құрылғысы жаттығу кезінде сыйырлауы, орнықтылығы нашарлауы, тіпті аударылып кетуү мүмкін.
3. Эрқашан жаттығу құрылғысының айналасында кемінде 0,5 м бос орын қалдырыңыз.
4. Егер жаттығу құрылғысының жеделту тесіктері болса, орнату кезінде олардың бітеп тұлмағанын тексерініз.
5. Еден жабынын зақымданудан қорғау үшін жаттығу құрылғысының астына арнайы кілемшени тесеуге болады.
6. Жаттығу құрылғысы тек үй жағдайында (+10°C және +35°C аралығындағы температурада, 75%-ке дейінгі салыстырмалы ылғалдылықта) пайдалануға арналған.
7. Жаттығу құрылғысын құргақ орынжайда сақтаңыз. Оның шаңы мен басқа кірлірін үнемі тазалап жүрініз. Жаттығу құрылғысы орнатылған орынжай жақсы жеделтілуі тиіс.
8. Жаттығу құрылғысын шанды, ылғалды және жазғы орынжайларда, гаражда не су жанында пайдаланбаңыз. Жаттығу құрылғысын аэрозоль не жанғыш газдар шашырайтын жерге жақын қолдануға болмайды.
9. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін жуғыш құралға малинған мақта сұлықты қолданыңыз. Жуғыш құралдарды тіkelей жаттығу құрылғысына жақтаңыз. Жаттығу құрылғысын тазалау үшін еріткіштер мен абразивті тазартқыш құралдарды қолданбаңыз. Бұл жаттығу құрылғысы элементтерінің лакбояулы қорғаныш жабынын зақымдауы мүмкін.
10. 12 жасқа дейінгі балаларды, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдарды және үй жануарларын жұмыс істеп түрған жаттығу құрылғысынан аулақ ұстаңыз. Жаттығуды бастамас бұрын балалар, физикалық немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектеулі адамдар және үй жануарлары жаттығу кезінде үнемі бақылауда болатынана және жұмыс істеп түрған жаттығу құрылғысына жақындей алмайтынына көз жеткізіңіз. Жаттығу құрылғысын пайдаланбаған кезде әрқашан өшіріп жүрініз.
11. Жаттығу құрылғысында бір уақытта тек бір адам ғана жаттығуы тиіс.
12. Егер салмағының осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген максималды рұқсат етілген салмақтан асатын болса, жаттығу құрылғысын пайдаланбаңыз.
13. Жаттығу кезінде киімнің, сұлгілердің, бауардың және т.б. заттардың ұштарын жаттығу құрылғысының қозғалмалы бөлшектеріне тигізбеніз.
14. Жаттығу құрылғысын қолданған кезде спорттық киім мен аяқ киім киініз. Жалаң аяқ жаттықтаңыз. Табаны жаттығу құрылғысын зақымдауы мүмкін немесе табанды тірек бетіне (мысалы, элипстік тірек платформасына, вело жаттығу құрылғысының педальдарына және т.б.) сенімді орнатуға мүмкіндік бермейтін аяқ киіммен жаттықтаңыз.
15. Жаттығу құрылғысының астына бөгде заттарды қою арқылы оның көлбейу бұрышын өзертеппеніз.

16. Жабдықты әрқашан қауіпсіз ұстaudың жалғыз жолы — зақымдалған және тозған бөлшектердің бар-жоғын үақытылы тексеріп отыру. Жаттығу құрылғысы тораптарының бекітілелерін кемінде айна бір рет тексеріп, қатайтыңыз. Жаттығу құрылғысының қозғалатын және үйкелетін тораптарын литий майлағышпен (бөлеk сатылады) үақытылы майлап отыру үсінілады.
17. Егер жаттығу құрылғысында ақау пайда болса (қалыпты жұмысқа тәn емес дыбыс шығы, қозғалмалы бөлшектердің айқасып не бұғатталып қалуы және т.б.), оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз. Өз бетімен жөндеуге тыбылам салынады. Сатушының сервистік қызметіне жүгіну арқылы білікті маманға жөндептіз.
18. Жаттығу құрылғысына жаттығуға арналмаған заттарды қоймаңыз. Ол құрылғыны зақымдауы және (немесе) өзі бұзылып қалуы мүмкін.
19. Жаттығу құрылғысының ішіне ештеңе тықпаңыз. Егер құрылғы ішіне бөгде зат кіріп кетсе, оны айбалап алып тастауға тырысыңыз. Егер оны өз бетінізше ала алмасаңыз, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.
20. Жаттығу құрылғысының конструкциясын өзгерту және (немесе) өндіруші не оның үзілділітті өкілі үсінбаған қосымшаларды пайдалану кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін.
21. Қызмет мерзімі аяқтағанда жаттығу құрылғысын қадеге жарату қажет. Пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда, жаттығу құрылғысының қызмет мерзімі 7 жылды құрайды. Ол рееси түрде белгіленгеннен мерзімнен айтарлықтай ұзақ қызмет етуі мүмкін. Жаттығу құрылғысының конструкция элементтері тұрмыстық қалдықтарға жатпайды. Жабдықты немесе қуат беру элементтерін тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Пайдаланылған қуат беру элементтерін қадеге жарату үшін елізідегі қоқысты қайтару және жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Бөлшектелген аспалтарды бөлеk-бөлеk қабылдау пунктіне тапсыру арқылы қайта өндеуге, қадеге жаратуға және экологиялық көмегін жерлерге жіберу қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал теріс әсерлердің алдын алуға көмектеседі, сондай-ақ құрылғы жасалған материалдарды қайта пайдалануға мүмкіндік береді.

## 2.3 230 В желіге қосылған электрлік жаттығу құрылғысын пайдалану ережелері

Электр жабдықтарымен жұмыс істеу кезінде барлық сақтық шараларын сақтаңыз.

1. Жаттығу құрылғысын жерге түйіктау түйіспесі бар және кемінде 10 А ток тұтынға арналған электр желісіне қосыңыз. Жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде, оның розеткасына басқа электраспаптарды қоспаңыз. Үйдегі электр желісінде жерге түйіктау жабдықының бар-жоғына күмәнің болса, жаттығу құрылғысын қолданбас бұрын, электрикпен немесе сервистік қызмет өкілімен кеңесініз.
2. Қуат сымын қызып тұрған беттер мен жылыту аспалтарынан аулақ ұсташыңыз.
3. Жаттығу құрылғысын қосуын қыйде ешқашан қарауасыз қалдырмаңыз. Әр жаттығудан кейін жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратуды ұмытпаңыз.
4. Тазалау не техникалық қызмет көрсету, жөндеу және осы нұсқаулықта сипатталғандардан басқа техникалық қызмет көрсету және жөндеу сияқты барлық жұмыстарды тек сатушы сервистік қызметінің мамандары орындау керек.
5. Егер жаттығу құрылғысының жеткізілім жиынтығына кіретін аша сіз таңдаған розеткаға сәйкес келмесе, жаттығу құрылғысындағы қуат кабелінің ашасын ауыстыруға тырыспаңыз. Бүкіл кабельді сәйкес ашасы бар ұқсас кабельмен ауыстырыңыз немесе электрикке хабарласып, қажетті розетканы орнатыңыз.
6. Электр желісі мен жаттығу құрылғысы арасында қосымша электр ұзартқыштарды және өтпелі бейімдегіштерді қолданбаңыз. Бұл қорғаныстық ажырату құрылғысын бұзуы және электр тогының соғу қаупін арттыруы, сондай-ақ кепілдікті қызмет көрсетуден бас тартуға себеп болуы мүмкін. Қуат кабелін кілемді жабын астынан өткізбеніз және оған зақым келтіруі мүмкін заттарды қоймаңыз.
7. Жаттығу құрылғысында жаттығу кезінде бөгде ііс немесе түтін шықса, жаттығуды дереу тоқтатып, жаттығу құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз. Ақаулы жаттығу құрылғысын өзініз диагностикалауға және жөндеуге тырыспай, сатушының сервистік қызметіне хабарласыңыз.

### Әр пайдалану алдында:

Жаттығу құрылғысының электр кабелі зақымдалмағанын тексеріңіз. Зақымданған қуат кабелін пайдаланған жағдайда электр тогы соғу мүмкін. Егер қажет болса, қуат кабелін ауыстырыңыз.


## **2.4 Сақтау шарттары**

1. Жаттығу құрылғысын жылтылмаған орынжайда (мысалы, гаражда, қоймада, жаэзғы гимаратта), сондай-ақ шаңды және ылғалдылығы жоғары орынжайларда сақтауға рұқсат етілмейді.
2. Жаттығу құрылғысын судан қорғаңыз.
3. Сақтау үшін рұқсат етілген температура режимі: +10–35 °C аралығы.
4. Сақтау кезінде рұқсат етілген ылғалдылық; макс. 75%.
5. Жаттығу құрылғысы сақталатын орында аэрозольдер шашпаңыз.

### 3. Жаттығу құрылғысын құрастыру

#### 3.1 Жаттығу құрылғысымен алдын ала танысу


№	Атауы
1	Консоль
2	Қағіпсіздік кілті
3	ЖСЖ датчиктері бар тұтқалар
4	Тұтқаның сол жақ тіреі
5	Тұтқаның оң жақ тіреі
6	Қозғалтқыш қаптамасы
7	Бүйірлік қаптама
8	Жүгіру жолағы
9	Тасымалдау роликтері
10	Өкшелік
11	Артқы ролик



### 3.2 Жиынтықтама

Құрастыруды бастамас бұрын, жаттығу құрылғысының барлық конструкция элементтерін ашық жерге жайып қойып, қаптама материалын шешініз. Қаптамада ештеңе қалмағанына көз жеткізіңіз. Жаттығу құрылғысының барлық конструкция элементтері бар екенін тексеріңіз. Жаттығу құрылғысының кейбір бөліктегі алдын ала құрастырылған күйде жеткізілетінін ескеріңіз.

<b>№</b>	<b>Жалпы сипаттамасы</b>	<b>Саны, д.</b>
1	Негізгі қаңқа	1
56	Консоль	1
54	Тұтқаның сәндік жабыстырмасы	2
72	Силикон майы	1
64	Қауіпсіздік кілті	1
12	Жүгіру жолағын бекіткіш	1
10	Алтықырлы кілт (S5)	1
19	Бұран (M8x45)	2
14	Сомын (M8)	2
21	Бұран (M8x16)	2
36	Иілген тығырық (d8)	4
35	Жалпақ тығырық (d8)	2
25	Бұраншеге (ST4,2x15)	3
30	Иілген тығырық (d6)	2
70	Көп функциялы кілт (13-15)	1



### 3.3 Құрастыру реті




#### Назар аударыңыз:

Жаттығу құрылғысы көтпеген үзын және ауыр бөлшектерден тұрады. Жарақат алмау үшін жаттығу құрылғысын екі адам болып құрастырыңыз.

#### 1-ҚАДАМ


Жаттығу құрылғысын қаптамадан шығарыңыз.

Қаптаманың целлофан элементтерін алып тастаңыз.




#### 2-ҚАДАМ

- Сол және оң жақ тағандарды (3, 4) көтеріп, оларды алтықырлы кілт (10) көмегімен ішкі жағы алтықырлы бұрандалармен (19) және тығырықтармен (35) бекітіңіз.
- Оған қоса, тағандарды алтықырлы бұрандалар (21), тығырықтар мен сомындар (36, 14) арқылы бекітіңіз.




### 3-ҚАДАМ

- Тұтқаны (5) көрсеткілермен көрсетілген бағытта ашып, оны сол және оң жақтағандарға (3, 4) қойыңыз
- Алтықырлы кілт (10) көмегімен тұтқаны ішкі жағы алтықырлы бұрандармен (21) және жалпақ тығырықтармен (36) тағандарға бекітіңіз. Тұтқа құлап кетіп, жарақат алғы қалмағышін тұтқаны тағандарға бұрау кезінде ұстап тұрыңыз.




### 4-ҚАДАМ

- Консоль кабельдерін (56, E) тұтқадан шығатын кабельдерге (5, F) жалғаңыз. Кабельдердің шығынқы ұштарын тұтқа ішіне салыңыз.
- Бұрауышпен (70) бұрандалар (25) мен ийленг тығырықтарды (30) бұрау арқылы консольді (56) тұтқаға (5) абайлап бекітіңіз.



### 5-ҚАДАМ

- Қауіпсіздік кілтін (64) магниттік платформаға орнатыңыз.
- Тұтқаның (5) тіректерге (3, 4) бекітілген жерлерін сәндік жабыстырмалармен (54) жабыңыз.
- Қадауышты бекіткішті (12) негізгі қаңқаға (2) орнатыңыз



### Жинау аяқталды!

Жаттығу құрылғысын қолдану алдында оның барлық бекіту қосылымдары қатайтылғанын тексеру және олардың жағдайын уақытлы бақылап жүру үсінілады.

**Жаттығуға кірісіңіз!**

## 4. Жаттығу құрылғысын пайдалану

### 4.1 Жаттығу құрылғысын пайдалануды бастау

- Жүгіру жолын қатты, тегіс жерге көлденен орналастырыңыз.
- Егер қажет болса, жүгіру жолағының астында орналасқан еден қысықтығының компенсаторлары арқылы жүгіру жолын тәнсемлей, едендеге орнықты тұратындағы етіп реттеңіз.
- Жаттығу құрылғысын қуат көзіне қосып, ажыратқышты (I) (қосулы) күйіне бұраңыз. Дыбыстық сигнал естіледі. Жүгіру жолы жаттығуды бастауға дайын.



#### Назар аударыңыз!

СТАРТ пернесін басқан кезде, жүгіру жолағының оң және сол жағында орналасқан бүйірлік қаптамаларда тұрыңыз. Тек жүгіру жолағы қозғала бастағанда ғана жүгіру жолағына тұрып, оның бойымен жүре бастаңыз.

### 4.2 Жүрек соғу жиілігінің датчиктері

ЖСЖ датчиктері дұрыс жұмыс істеуі үшін сенсорлық тілімшелерді мықтап ұстап қажет, бірақ тым қатты емес. Сенсорлар жұмысы электрлік потенциалды өлшеуге негізделген, сол себепті алақандар сәл дымқыл болуы керек. Алақанға кремдер мен майлар жақпаңыз, олар пленка ретінде өлшеуге кедергі келтіруі мүмкін. Көрсеткіштер өлшеу басталғаннан шамамен 10 сек өткенде тұрқтанады. ЖСЖ сенсорлық датчиктері медициналық аспап болып табылмайды, сол себепті алынған көрсеткіштерді болжалды мән ретінде қарастыру керек.

### 4.3 Жинау жүйесі

Жүгіру жолы сақтауға ыңғайлы болуы үшін жинау жүйесімен жабдықталған. Осының арқасында жаттығу құрылғысын пайдаланбаған кезде ол пәтерде артық орын алмайды. Жиналған жүгіру жолын тасымалдау роликтері арқылы сақтау орнына оңай жылжытуға болады.


#### Назар аударыңыз!

Жүгіру жолын жинау алдында:


- Жаттығу құрылғысын қуат көзінен сұрып, жүгіру жолағының қозғалысын тоқтатыңыз.
- Жүгіру бетін көтеру және түсіру кезінде арқаңызды тік ұстап, негізгі құшті аяқта бағыттаңыз!

### 1. Жүгіру жолын жинау

- Істікті бекіткішті (12) негізгі қаңқадан (2) шығарыңыз. Артқы роликті еki қолмен ұстап (А қалпы), артқы ролик пен тік тағандар бір жазықтықта болғанша жүгіру жолағын (1) жоғары көтеріңіз.




2. Жүгіру жолағын осы қалыпта бір қолмен ұстап тұрып, екінші қолмен істікті бекіткішті оң жақ тіректегі (4) тесікке салып, оны жүгіру жолағының қаңқасындағы (1) тесіктен өткізіңіз. Жүгіру жолы жиналған және сақтау орнына тасымалдауға дайын.



## 2. Жүгіру жолын жазу

1. Жүгіру жолын жазған кезде, оны қуат розеткасынан шамамен 1 м қашықтықтағы ешқандай кедергісіз тегіс орынға орналастыру керек.
2. Артқы роликтің қорғаңыш экранын (C) бір қолмен ұстап, оны сәл алға қарай итеріңіз.
3. Екінші қолмен істікті бекіткішті (12) оң жақ тағаннан (4) алып, жүгіру жолағын (1) көрсеткімен көрсетілген бағытта еден бетіне баюу түсіріңіз.
4. Истікті бекіткішті (12) негізгі қаңқадағы (2) тесікке салыңыз.



## 4.4 Жаттығу құрылғысын жылжыту

Жүгіру жолын тасымалдау роликтері арқылы сақтау орнына оңай жылжытуға болады. Жаттығу құрылғысын желіден ахыратыныз және ашаны розеткадан сұрыңыз. Жүгіру жолын жинаңыз. Тұтқалардағы ЖСҚ датчиктері орналасқан аймакты не консольдің оң жағындағы жерді ұстап, негізгі қаңқаның тасымалдау роликтері жерге тірелгенше жүгіру жолын өзінгө қарай тартып, еңкейтіңіз. Содан кейін жүгіру жолының артқы ролигін ұстап, оны алға итеру не өзінгө қарай тарту арқылы жылжыта аласыз.



### Назар аударыныз:

Жүгіру жолын тегіс емес жерде жылжытпаңыз, себебі бұл роликтер мен жаттығу құрылғысын зақымдауы мүмкін.

## 4.5 Жүгіру жолын тоқтату

1. Жаттығуды тоқтату үшін СТОП пернесін басыңыз.
2. Жаттығу кезінде үзіліс жасау үшін КІДІРТУ/СТАРТ пернесін басыңыз. Жылдамдық 0-ге дейін темендейді, басқа параметрлер өзгеріссіз қалады. Жаттығуды жалғастыру үшін СТАРТ/КІДІРТУ пернесін басыңыз.
3. Егер жаттығу кезінде қаупісіздік кілтін консольден сұрып алсаңыз, ескерту сигналы естіліп, жүгіру жолағы тоқтайды.

## 4.6 Техникалық қызмет көрсету және қутім жасау

Жаттығу құрылғысын уақытыны тазалау оның қызмет мерзімін ұзартуға көмектеседі.

1. Жүгіру жолының барлық компоненттерін таза ұстаңыз.
2. Жүгіру жолағының астында шаң жиналмауы үшін оның екі жағынан тазалаңыз.
3. Жүгіру тақтасына (декаға) және жүгіру жолағына кір түспеуі үшін таза аяқ киіммен жаттығының.
4. Жүгіру жолағының бетін таза және дымқыл матамен тазалаңыз.
6. Жаттығу құрылғысы ұзақ қызмет етуі үшін оны әр 2 сағат ұшымыс істегендегі кейін 10 минутқа өшіріңіз және пайдаланбаған кезде электр желисінен ахыратыныз.
7. Керіліс елсірген жүгіру жолағы ролик айналғанда сырғып кетуі, ал тым қатты керілген жолақ мотор өнімділігін төмendetіп, ролик пен жүгіру жолағы арасындағы үйкелісті арттыруы мүмкін.

## 4.7 Жүгіру жолағының керілісін реттеу және орталықтау

Жаттығу құрылғысының жүгіру жолағы зауытта алдын ала реттелген. Дегенмен, жүгіру жолағын пайдалану кезінде оны майлау, реттеу және орталықтау қажет болуы мүмкін. Бұл жағдайда төмендеғі әрекеттерді орындау керек.

Егер жүгіру жолағы жеткілікті турда тартылмаган болса, пайдаланушы жаттығу кезінде оның дірілдеп тұрғанын сезеді. Бұл жағдайда алдымен 3.4-тармақта сәйкес жүгіру жолағын майлау қажет.

Жүгіру жолағының керілісі алтықырлы кілт арқылы келесідей реттеледі:

**Жүгіру жолағын тарту үшін** оң және оң жақ реттеу бұрандаларын сағат тілімен 1/8 айналымға бұраңыз. Оң және сол жақ реттеу бұрандаларын бірдей шамаға айналдыру керек. Артқы ролик (15) жаттығу құрылғысының қаңқасына перпендикуляр тұрғанына көз жеткізіңіз. Жүгіру жолағы дұрыс тартылғанша жоғарыдағы әрекеттердің қайталаңыз.

**Жүгіру жолағын босату үшін** оң және сол жақ реттеу бұрандаларын сағат тіліне қарсы бұраңыз.

Екі реттеу бұрандаларын бірдей шамаға айналдыру керек екенін ескерайыңыз. Жүгіру жолағын қатты тартып қоймау үшін әр реттеу бұрандастың тек 1/8 айналымға ғана бұрау ұсынылады, әйткені қатты тартылған жүгіру жолағы деканы зақымдауы мүмкін.


**Егер жүгіру жолағы шетке қарай сырғып кетсе,** оны алтықырлы кілтпен келесідей реттепңіз: егер жолақ солға қарай сырғыса, сол жақ реттеу бұрандастың сағат тілі бойымен 1/8 айналымға, ал оң жақтағысын сағат тіліне қарсы бағытта 1/8 айналымға бұраңыз.

Содан кейін жүгіру жолын іске қосып, жолақ сырғымайтының тексеріңіз. Егер қажет болса, әрекетті қайталаңыз.

Егер жоғарыдағы әрекеттер нәтиже бермесе, алдымен жүгіру жолағын тарту қажет (жоғарыдан қараңыз).

Егер жолақ оңға қарай сырғыса, әрекеттерді көрі орындаңыз.

Жүгіру жолын пайдаланған кезде жолақ қақ ортада болуы шарт емес. Бастысы ол тұрған жерінен сырғып кетпеуі маңызды, әйтпесе жолақ пен жаттығу құрылғысының өзге де бөлшектері зақымдануы мүмкін.



## 4.8 Жүгіру жолағын майлау

Жүгіру жолының электрлі моторына жүктемені азайту және жүгіру жолағының бірқалыпты қозғалысын қамтамасыз ету үшін оны мезгіл-мезгіл силикон майымен майлаап отыру қажет. Жаттығу құрылғысын пайдалану қарқындылығына байланысты майлау жиілігі өзгеруі мүмкін. Жүгіру жолы алғаш рет 25 сағат қолданылған кезде оны майлау ұсынылады (1-2 айда ~ 30-40 мл май). Орта есептеп алғанда, жүгіру жолағын кемінде әр 50 сағат сайын (әр 2 ай сайын ~ 30-40 мл май) майлаап отыруға кеңес беріледі.

Майлағышты жүгіру жолағының астындағы декаға жағыңыз. Құрылғының жүгіру бетін майлаңызы.

1. Жүгіру жолағын бір жағынан көтеріп, деканы майлаңыз.
2. Майлағышты декаға біркелкі жағу үшін мата сулықты пайдаланыңыз.
3. Майды жүгіру жолағының бір шетінен екінші шетіне дейін жағып шығыңыз.
4. Осы әрекеттерді жүгіру жолағының екінші жағында қайталаңыз.
5. Жүгіру жолағын қосып, оны 1/2 айналымға айналдырыңыз.
6. 1-4 қадамдарды қайталаңыз.

Жалпы, жүгіру жолағын әр майлау процедурасы үшін шамамен 30-40 мл май жеткілікті.

### Назар аударыңыз:

Жаттығу құрылғысын тазалау, майлау не жөндеу алдында оны қуат көзінен ажыратуды ұмытпаңыз!



Конструкцияның қозғалытын элементтері кедерісіз және тыныш айналуы керек. Бұл элементтердің әдеттен тыс жұмысы жабдықты пайдалану қауіпсіздігіне әсер етеді. Егер жаттығу құрылғысы жұмыс істеп тұрған кезде әдеттен тыс дыбыстар шықса, жаттығуды дереу тоқтатып, сервистік қызметке хабарласыңыз.

## 5. Жаттығу

### 5.1 Жалпы ақпарат



#### Назар аударыңыз:

Жаттығу алдында емдеуші дәрігермен кеңесініз. Бұл әсірепе 35 жастан асқан немесе денсаулығы нашар адамдар үшін өте маңызды. Жаттығуды бастамас бұрын осы нұсқаулықты толық оқып шығыңыз.

Жаттығу бағдарламасын біртіндеп бастаңыз, яғни әр 2 күн сайын бір жаттығу блогын жасаңыз. Жаттығу көлемін апта сайын арттырып отырыңыз. Қыска кезеңдерден бастаңыз, содан кейін оларды үнемі көбейтіңіз. Өзінізге тым қыны мақсаттар қоймаңыз және шамадан тыс жүктемелерден аулақ болыңыз, олар денсаулыққа кері әсер етуи мүмкін. Негізгі жаттыгуларға қоса велосипед тебу, билеу, сыртта жүргір сияқты басқа да әрекеттерді орындаңыз. Жарық күн саулеісі nemese жасанды (неон, галоген) жарық астында жаттықлаңыз.

### 5.2 Жаттығу қарқындылығының таңдау бойынша

#### Ұсынымдар

Жаттығу қарқындылығының негізгі көрсеткіші — жүрек соғу жиілігінің өзгеруі. Жүрек соғу жиілігін үнемі тексеріп отырыңыз. Егер сізде жүрек соғу жиілігін (ЖСЖ) өлшейтін құрал болmasa, терапевттен жүрек соғу жиілігін қалай тиімді өлшеуге болатынның сұранызы.


#### Жүрек соғу жиілігін үш рет өлшеңіз:

1. Жаттығуды бастамас бұрын (қалыпты ЖСЖ).
2. Жаттығуды бастағаннан 10 минут өткенде (жұктеме ЖСЖ немесе күйзеліс ЖСЖ).
3. Жаттығу аяқталғаннан 1 минут өткенде (қалыпқа келу ЖСЖ).

ЖСЖ жасқа байланысты. Әр жас үшін жоғарғы және төменгі шекті мәндермен шектелген ғылыми түрде негізделген рұқсат етілген ЖСЖ диапазоны бар. ЖСЖ-нің жоғарғы және төменгі шектері арасындағы аймақ «әэробыттың аймақ» деп аталады. Максималды рұқсат етілген жүрек соғу жиілігі жасынызды 200-ден шегеру арқылы анықталады.

Оған қоса, бірнеше қалпына келтіру жаттығуларын орындау арқылы жаттығуды дұрыс аяқтауда маңызды. Олардың қатарына тыныс алу жаттығулары (соның ішінде еңкеу, қолды көтеру және екі жаққа созу) мен созылу жаттығуларын жаткызуға болады. Бұл бұлшықтеді босаңыстың, қалыпқа келу процесін тезірек бастауға және жүректі тезірек тыныштандыруға көмектеседі.

Калория шығыны «әэробыттың аймақта» өте қарқынды болады, ол максималды күйзеліс ЖСЖ мәнінің 60–80%-ін құрайды.



#### Мысалы, 40 жастағы адам үшін:

Максималды ЖСЖ мәні —  $200 - 40 = 160$

«Аэробыттың аймақтың» жоғарғы шегі —  $160 \times 80\% = 128$

«Аэробыттың аймақтың» төменгі шегі —  $160 \times 60\% = 96$

Дегенмен, бұл мәндер болжамды екенін есте ұстап, жаттығу кезінде хал-жағдай-ынызды мүккіят бақылап отырыңыз.

Жаттығудан кейінгі қалыпты жүрек соғу жиілігінің қалпына келуі физикалық дайындықтың жалпы көрсеткіші болып табылады. Мінсіз жағдайда жаттығу аяқталғаннан кейін 1–1,5 минут ішінде ЖСЖ қалыпты мәнге оралуы керек.

Қауіпсіздік пен жаттығу тиімділігін арттыру үшін жаттығуды бастамас бұрын дәрігерге қаралып, жасыңыз берін физикалық дайындығыңыз үшін оңтайлы ЖСЖ диапазонын анықтаңыз.

Майды ең тиімді көтірітін оңтайлы жаттығу режимі — аптасына кемінде 3–4 рет 40–50 минуттан жаттығу. Одан да қарқынды жаттықкан кезде кемінде бір күн толық демалу қажет.



## Назар аударыңыз!

Жүрек соғу жүйелігін бақылау жүйелері бұрмаланған, дәл емес деректерді көрсету мүмкін. Жаттығу құрылғысы көрсететін ЖСЖ мәндерін медициналық нұсқау емес, анықтамалық ақпарат ретінде пайдалану қажет!

Шамадан тыс жаттығу ауыр жарақатқа немесе өлімге әкеліу мүмкін. Егер жаттығу барысында әлсіздік не ауру белгілерін сезінсөз, жаттығуды дереу тоқтатып, дәрігерге қаралыңыз.

Төзімділік жаттығулары жүктеме көлемімен де, жүктеме мәнімен/қарқындылығымен де реттеледі. Жаттығу қарқындылығы негізінен ЖСЖ мәнін өлшеу арқылы бақыланады.

